

**М.Дулатұлы атындағы №63 ЖББОМЛ кітапханасы**

**2024-2025 оқу жылының мектеп кітапханасының  
1 жартыжылдық есебі**

## **2024 – 2025 оқу жылының 1 жарты жылдығы бойынша мектеп кітапханашысының жұмыс есебінің талдауы**

Қазіргі таңда жан-жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі – мектеп кітапханасы. Егемен еліміздің ертеңі болар жас ұрпақтың білімін кеңейтіп, біліктілігін арттыруда мектеп кітапханасының да рухани қазына екені рас. Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялар заманында педагогикалық қызметінің саласында мектеп кітапханасы маңызды рөл атқарады.

**Биылғы оқу жылындағы кітапхан жұмысының мақсаттары мен міндеттері:**

Оқушыларға және ұстаздарға кітапханалық және ақпараттық-библиографиялық қызметті көрсету жолымен оқу-тәрбие үрдісін және өздігінен білім алуды қамтамасыз ету.

- ❖ Мектепте оқу-тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес мектеп кітапханасының жұмысын құру;
- ❖ Оқырмандарды кітапты және басқа да ақпарат тасуыштарын пайдалануға, ақпаратты іздеу, іріктеу және бағалау қабілеттеріне үйрету;
- ❖ Дәстүрлі кітапханалық технологияларды жетілдіру және жаңа кітапханалық технологияларды игеру;
- ❖ Білім беру бағдарламаларына сәйкес кітапханалық қорды қалыптастыру;
- ❖ Кітапханалық-ақпараттық қызметтердің топтамасын кеңейту;
- ❖ Библиографиялық анықтамаларды беру, оқушылар мен мұғалімдер үшін әдебиет тізімдерін құру;
- ❖ Жаңа оқу және әдістемелік әдебиеттің түсуіне қарай педагогикалық кеңестерде, әдістемелік бірлестіктерде сөз сөйлеу.

### **Кітапханаға жалпы сипаттама**

- ✓ Кітапхана бірінші қабатта орналасқан.
- ✓ Кітапхананың жалпы көлемі 120,3 шаршы метр<sup>2</sup>.
- ✓ Кітапхана кітапханашының жұмыс орнынан басқа, оқырмандарға арналған абонемент, оқу залы, интернет қосылған компьютермен жабдықталған.
- ✓ Оқулықтар қорын сақтайтын кітап қоймасы бар.
- ✓ Кітапханамен шектес оқу залында 12 көрме сөрелерінде маңызды ақпараттық оқиғалар туралы мәлімет табуға болады.
- ✓ Жарықтандыру санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес.
- ✓ Кітапхана жұмысын 2 адам атқарады.
- ✓ Безендірілген тақырыптық көрмелер, керекті энциклопедиялар, анықтамалар, ғылыми- әйгілік, әдістемелік, көркем әдебиет, периодикалық баспалармен жабдықталған.

✓ **Қазіргі таңда мектеп кітапханасының қорында:**

**Жалпы Кітап қоры: 30178**

**Негізгі қор: 1128**

**Оқулық: 29050**

Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес мектеп оқушылары жергілікті бюджеттен ақша бөліну арқылы жыл сайын кезең-кезеңмен сатып алу жолымен тегін оқулықтармен 100 пайыз қамтамасыз етіліп келеді. 2024-2025 оқу жылында «Е-таңдау» порталы арқылы 3 класс оқулықтарына таңдау жасалынды. 3 класс пән мұғалімдеріне отырыс өткізіліп, оқулықтарды таңдау керектігі түсіндірілді. Еңбекке баулу, бейнелеу өнері, цифрлық сауаттылық /флешка/, русский язык, ағылшын тілі оқулықтары «Е-таңдау» порталы арқылы алынды.

**Желтоқсан айында мектеп мұғалімдерін мерзімді басылымдарға жазылу науқаны жүрді. Газеттер: «Егемен Қазақстан» - 1, «Ақтөбе» - 2, «Білімді ел» - 1, «Ұстаз әлемі» - 1, «Үш таған» - 1; «Ұстаз»-1**


**Мектеп кітапханасы оқу процесін әдебиетпен және ақпаратпен қамтамасыз ететін білім беру ұйымындарының маңызды құрылымдық бөлімшесі, сондай –ақ білімді, рухани және интеллектуалды қатынасты, мәдениетті тарту орталығы болып табылады. Мектеп кітапханасында 1-4 сынып оқушылары барлығы кітапхана оқырмандары болып саналады. Бұл оқырмандарымыз балаларға арналған әдеби кітаптарды көп оқиды, соның ішінде ертегілерді қызығып оқиды, оқыған кітаптары туралы ой бөліседі.**

**5-8 сынып оқырмандары тарихи, хайуандар, спорт туралы кітаптарға сұраныс көп алады, әдеби кітаптарды оқиды, энциклопедиялар, сөздіктер пайдаланады.**

**9-11 сынып оқырмандары көбінесе сөздіктер, энциклопедиялар, электрондық оқулықтар пайдаланып оқиды, әдеби кітаптарды мектеп бағдарламасы бойынша оқиды. Кітапханада көптеген кітап көрмелері, дөңгелек үстел, рухани әңгімелер өткізілді.**

**Мектеп кітапханасында өткен мәдени іс-шаралар:**

2024 жылдың 11 қыркүйек күні мектеп кітапханасында «Отбасы –бақыт мекені» тақырыбында көрме өткізілді. Отбасы құндылығын жеткізу мақсатында өткен кітап көрмесінде оқушылар отбасы туралы ой бөлісті, көркем әдебиеттерден Ана, Әке туралы өлеңдер оқыды.



2024 жылдың 29 тамыз күні мектеп кітапханасында «Ата Заңым-айбыным» тақырыбында шара өткізілді. Шарада 3б сынып оқушысы **Итжемес Айзере**, **Жанболат Жазира**, 4ә сынып оқушысы **Галел Нұрханым** ата заңымызға арналған өлеңдерін оқыды.



2024 жылдың 09 қыркүйек күні мектеп кітапханасында Білім алушыларға жаңа әдебиеттерді таныстыру, насихаттау, кітап оқу мәдениетіне тәрбиелеу мақсатында жаңа кітаптар көрмесі ұйымдастырылды.



2024 жылдың 6 қазан күні оқушылардың үзіліс кезінде «Б.Соқпақбаев балалар әдебиетінің атасы» атты Б.Соқпақбаев 100 жылдығына орай «Менің атым Қожа» повесінен 20 минут оқып, 3 минут эссе жазатын кітап оқу акциясы 6 «б» сынып оқушылары арасында ұйымдастырылды. Шараға әр оқырман өте белсенді қатысты. Әр күні әр түрлі тақырыптағы шығармаларды оқуға асығып тұратындықтарын байқатты.



**27 іқыркүйек «Оқулықты құрметте» тақырыбымен мектеп оқулықтарының ұсталуы бойынша рейд өткізілді.**

Рейдтің мақсаты - балаларды кітапханалық оқулықтармен дұрыс және ұқыпты қарауға үйрету.

Тексеру 1-11 сыныптар аралығында өткізілді. Сабақта оқулықтардың болуы, мұқабаның болуы, сондай-ақ оқулықтардың сыртқы түрі тексерілді. Комиссия мүшелерімен мен кітапханашы қатысты.

**Тексеру нәтижесінде келесі қорытындылар жасалды:**

Оқушылардың көпшілігі оқулықтарды жақсы жағдайда ұстайды, оларды мектеп кестесіне сәйкес алып жүреді және тамыз айында оқулықтарды алған кезде барлық оқушылар танысқан оқулықты пайдалану ережелеріне сәйкес оның санитарлық жағдайын қадағалайды. Оқулықтары мұқабасы жоқ немесе ұсақ жөндеуді қажет ететін оқушылармен рейд барысында сыныптарда "мектеп оқулығына ұқыпты қарау туралы", "оқулықты сақта", "оқулықты ұзақ ұстау" топтық және жеке әңгімелер өткізілді. Бұл негізі орта сыныптарға арналады. Бастауыш және жоғары сынып оқушыларында оқулықтар жақсы жағдайда.



Республика күні мерекесіне арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес «Балалар кітапханасы» жобасы аясында мектебімізде «Республикам мақтанышым» атты кітап көрмесі таныстырылды.

**Көрменің мақсаты:** Тәуелсіздік құндылығын түсіндіру, туған жерін, салт-дәстүрін ардақтап өтуге үйрету, отансүйгіштік сезімін қалыптастыр



«Оқуға құштар мектеп» және Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Жаңа кітап жаңа әлем»-атты оқырмандар конференциясы ұйымдастырылды. Алдымен жаңадан келген кітаптарға библиографиялық шолу жасалып, оқырмандар оқыған кітаптарының мазмұнын айтып, ой бөлісті.



26 қараша күні Қазақтың аса көрнекті ағартушысы, ақын жазушы М Дулатұлының өмірі мен шығармаларына арналған оқырмандар конференциясы өткізілді. Конференция барысында мектебіміздің тарих және өлкетану үйірмесінің оқушылары «Оян қазақ», «Жаңа тілек», «Таза бұлақ», «Шешенің балаларын сүйі», атты ақын өлеңдерін жатқа айтып берсе, 9 класс оқушысы А.Сарбаева, 10 кл. оқушысы М.Болат өмірі мен шығармалары туралы баяндама оқыды. Оқушылар арасында жүргізілген М.Дулатұлының нақыл сөздерінен сауалнама бейнеролигі ұсынылды. Өткен тарихымыздан сыр шертетін қазақ ақыны М. Дулатұлының өміріне қатысты

деректермен зейнеткер ұстаз, Венера Бакова оқушыларға сұрақтар қойып, ынталандыру сыйлықтарын ұсынды. №1 Абай атындағы қалалық кітапхана қызметкері А.Баймуханова «Алаштың сөнбес жұлдызы» атты кітап көрмесімен таныстырды. Біз үшін ақын шығармалары, еңбектері атқарған қызметтері үлгі болатындай дүниелер, сондықтан жастарымыз ақын шығармаларын оқи отырып, болашаққа деген сенімін нығайта түседі деген сенімдеміз.



«Балалар кітапханасы» жобасы аясында Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіз елім» атты кітап көрмесі жасақталды. Көрмеге еліміздің 1991-2020 жылдардағы жеткен жетістіктері, тарихы, «Мәңгілік ел» т.б. кітаптар қойылып шолу жасалды. 4 в класс оқушылары мәнерлеп өлең оқып, ынталандыру сыйлығымен марапатталды.





Кітап қоры кітапхана тәртібіне сай орналастырылған, техникалық өңделінген.

Жыл бойы кітап қорының орналастыруы, баспалардың жайғастыру тәртібі тексеріледі.

Ағымды жаңғырту, жөндеу жұмысы өткізіледі.

Негізгі кітап қоры ашық кіруі еркін, оқулық қорына кіріуіне жол берілмейді.

Кітап қорының сақталу тәртібі бұзылмайды.

Ұсыныс:

1. Ата-аналармен тығыз қарым қатынас жасау.
2. Мектеп кітапханасына әр пәнге қатысты, қосымша оқитын кітаптар және көркем әдебиеттер қорын молайту.

Дайындаған кітапханашы: Бакиева.Ж.Ш